



Мектеп директорының м.а.

Ш.М. Айтжанова

**«Ұялы ауылының негізгі орта мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі
2022-2023 оқу жылының
тәрбие жұмысы бойынша жылдық қорытынды
есебі**

**«Ұялы ауылының негізгі орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік
мекемесі 2022-2023 оқу жылының тәрбие жұмысы бойынша
жылдық талдауы**

Тәрбие жұмысы бойынша жылдық талдауы

Ұялы ауылының негізгі орта мектебінің тәрбие жұмысында Қазақстан Республикасының Әділет министірлігіндегі үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасы басшылыққа алынды.

Мақсаты: Оқушылардың жалпы дамуын, мәдени дағдыларын игерту нәтижесінде коммуникативті мәдениетін қалыптастыру. Жеке тұлғаны әлеуметтік мәнді, жеке қасиеттерін қалыптастыра отырып, нәтижеге бағытталған тәрбие беру.

Келелі мәселе:

- Жас ұрпақтың дамып жетілуіне ықпал жасайтын барлық тәрбиелік күштердің басын біріктіру.
- Оқушының күнделікті өмірі мен әрекетін ұйымдастырып, бағдар беру.
- Сынып ұжымының түрлі іс-шаралары барысында олардың өзара ынтымақтастық әлеуметтік-мәнді жеке қарым-қатынасын қалыптастыру.

Аудандық білім бөлімінің 2022 жылғы жылдық жоспарының 15 шілде – 30 қыркүйек аралығында «Мектепке жол» жалпы республикалық акциясы өткізілді.

Акция мақсаты: Оқумен қамтылмаған балаларды анықтау, аз қамтамасыз етілген және көп балалы отбасынан шыққан оқушыларға, жетім балаларға, сондай-ақ оқу жылының басына дайындық уақыты кезінде ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға қолдау көрсету және әлеуметтік себептер бойынша 1 қыркүйекте мектепке балалардың келмеуінің алдын алу. 2022 жылғы 5 шілде мен 30 қыркүйек аралығында рейдтік іс-шаралар жүзеге асырылады.

«Мектепке жол» жалпы республикалық акциясының өткізілу барысында көмек қажет ететін 2 білім алушы анықталды:

№	Аты-жөні	Сыныбы	Әлеуметтік жағдайы
1	Нұрхамит Гүлсая	1	Аз қамтылған отбасы
2	Сүлеймен Айсана	1	Көп балалы отбасы

Жоғарыда көрсетілген тізім бойынша «Мектепке жол» жалпы республикалық акциясы да 20,000 теңге көлемінде күздік жылы киіммен қамтамасыз етілді.

Сүлеймен Айсанаға «ТОО Ақжол» серіктестігі 60.000 ақшалай көмек көрсетті.

2022-2023 оқу жылында мектеп бойынша статусты оқушылар: жартылай жетім – 0 оқушы, аз қамтылған – 9 оқушы, көп балалы – 11 Жалпы саны-20

01.09.2022жыл Тәртіпсіздіктің алдын алу мектеп оқушылары арасында тәртіп бұзушылықтың алдын алу және оқушылар бойында құқықтық этикалық мәдениетті қалыптастыру тәртіп бұзушылықтың алдын алу кеңесі құрылып құрамы бекітілді.

Қорғалжын аудандық білім бөлімінің 02.09.2022ж «Отбасы бақыт мекені» атты республикалық апталық өтілді. Осы аталған тақырыпта 1-9 сыныптар аралығында ашық сынып сағаттары ұйымдастырылып өткізілді.

Мемлекеттік рәміздерді құрметтеу, насихаттауға және дұрыс қолдануға бейімдеу, патриоттық отансүйгіштік сезімдерін нығайту мақсатында жоспар құрылып **«Мемлекеттік рәміздерді құрметтеу – азаматтық**

борыш» тақырыбында 16-қыркүйек 16 қазан аралықта айлық өткізілді.

1-4 сынып Рәміздерім айбыным, 5-9 сынып Тәуелсіз Қазақстан мемлекеттік рәміздері және оны құрметтеу тақырыптарында сынып сағаттары өткізілді. Алайда мектепте сынып сағаттары өтілсе де оқушылар ҚР мемлекеттік рәміздерінің тудың авторын, елтаңба авторларын, ҚР мемлекеттік гимннің авторларын естеріне түсіріп насихаттау жұмыстары жүргізілді.

«Мен өз елімнің патриотымын» атты тақырыпта акция ұйымдастырылды. Бастауыш сыныптарда ҚР Мемлекеттік рәміздерінің шығу тарихын оқып үйренуі бойынша сынып сағаттары өткізілді.

Жоспарға сәйкес апталықта 1-9 сыныптар аралығында **«Ұстаз аты-мәңгілік»** тақырыбында сынып сағаттары өтті.

1-31 қазан аралығында Қарттар күні мен мүмкіндігі шектеулі азаматтардың онкүндігі өткізілді. Ауылымыздың ата – әжелерімізбен, ардагер ұстаздармен кездесу өткізіп концерттік бағдарлама ұйымдастырылды.

Оқушылар тарапынан мұғалімдердің ұйымдастырылуымен қарттарға үй жайына көмектесу жұмыстары жүргізілді. Сынып жетекшілер **«Қарттарым асыл қазынам»** атты тақырыпта сынып сағаттарын өткізді. Бастауыш әдістемелік бірлестік жетекшілерінің ұйымдастыруымен **«Қарттарым асыл қазынам»** атта тақырыпта мерекелік қашықтықтан іс-шара ұйымдастырылды.

Жоспар құрылып 1 қазан-31 қазан аралықта **«Құқық әлемінде»** тақырыбында құқық айлығы өтілді. 1-11 сыныптар аралығында сынып сағаттары **«Бала құқығы асыл қазына, Заңға құрмет, Құқық және міндет»** тақырыптарда өтті.

2021 жылдың қараша айының 07-14-і аралығында 1-9 сыныбындағы білім алушылар күздік каникулға жіберілді. Күздік каникул кезіне іс-шара жасалып, бекітілді. Оқушылар бос уақытын тиімді пайдаланды.

«Конституция-ең маңызды заң» тақырыбында кітапханада кітап көрмесі ұйымдастырылды. **«Бала құқығы – мемлекет назарында»** тақырыбында 8-9 сыныптар аралығында мектепшілік шығарма байқауы өткізілді.

Мақсаты: Кітап оқуға насихаттай отырып оқушылардың жүйелі кітап оқу дағдыларын қалыптасытру, оқушылардың функционалдық оқу сауаттылығын дамыту, түйген ойларын іс жүзінде өз кәдесіне жарата білетін, ұлттық сана

сезім қалыптасқан, өркениетті қоғамда өмір сүруге лайықты, терең ойлайтын дара тұлға қалыптастыру.

Қорғалжын аудандық білім бөлімінің «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» республикалық ақпараттық науқанын ұйымдастыру және өткізу бойынша іс-шара жоспарын негізге ала отырып 2021 жылдың қарашаның 18-і мен 29-ы аралығында «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» республикалық ақпараттық науқанын ұйымдастыру бойынша іс-шара жоспары құрылып бекітілді. Жоспарға сәйкес іс-шаралар атқарылды. Психолог Г.Сатанова 5-8 сыныптар аралығында «**Бақытты отбасы**», «**Зорлық – зомбылыққа төтеп берейік**» тақырыптарында сауалнама алып қорытындысы шығарылды. «**Әлемді зорлық – зомбылықсыз құру жолдары**» атты тақырыпта эссе байқауы ұйымдастырылды. Әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларды анықтау мақсатында рейдтер ұйымдастырылды.

1-желтоқсан ҚР Тұңғыш Президенті күніне «**Ел тірегі ел басы**» тақырыбында апталық ұйымдастырылды. Жоспарға сәйкес сынып сағаттары және білім алушыларды «**Жас ұлан**» «**Жас қыран**» қатарына қабылдау салтанатты жиыны болып өтті. Жас қыран қатарына 1-сыныпта 3 оқушы қабылданса, Жас ұлан қатарына 5- сынып 4 оқушы қабылданды, жалпы Жас ұлан Жас қыран қатарына 8 оқушы қабылданды. Тәуелсіздік күніне орай мектепте іс-шаралар ұйымдастырылды «**Қазақстанның ең қастерлі құндылығы – Ел тәуелсіздігі**» тақырыбында дөңгелек үстел 7-9 сыныптар аралығында сынып жетекшілерінің ұйымдастыруымен өтілді. «Тәуелсіздік еліміздің ерлік жолы» тақырыбында ашық сынып сағаттары өтілді.

Оқушылар арасында құқық бұзушылықтың және тәртіпсіздіктің алдын-алу мақсатында Қазақстан Республикасындағы құқық бұзушылықтар профилактикасының 2022-2023 жылдарға арналған кешенді жоспарының негізінде 2022-2023 оқу жылына арналған кәмелеттік жасқа толмағандар ісі жөніндегі бірлескен жұмыс жоспары құрылып, белгіленген мерзімде іс-шаралар атқарылды. жоспар негізінде оқушылар арасында тәртіпсіздіктің құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында Ұялы ауылының негізгі орта мектебінде 10 ақпан аралықта «**Тәртіпсіздіктің алдын алу**» жөнінде ақпан айының 15 мен 25-і аралығында онкүндік жоспары жасалып мектепте осыған орай іс - шара жұмыстары атқарылды.

2022-2023 оқу тәрбие жоспарын негізге ала отырып Абай Құнанбаевтың 175 жылдығына орай 1-9 сыныптарда тәрбие сағаттары жоспарға сәйкес құрылды.

Қорғалжын аудандық білім бөлімінің 2022-2023 оқу жылындағы оқулардың өткізу кестесін негізге ала отырып М.Мақатаевтің 90-жылдық мерейтойына орай аудан мектептері арасында ,9-11 сыныптарында іс-шара жоспары құрылып бекітілді. М.Мақатаев өлеңдерін мәнерлеп жатқа айту бойынша 9 сынып оқушысы Мұрат Таңшолпан сертификатпен , «Өз шығармашылығы» бойынша Сахнұр Елдос III- орынды иеленді. Қорытындысы шығарылып, әлеуметтік желіге жарияланды.

Тегін ыстық тамақты ұйымдастыру бойынша 2023 жылдың қаңтар айының 09 күнгі №3 ата-аналар комитеті отырысының хаттамасына сәйкес аз қамтылған, көп балалы, жартылай жетім отбасынан шыққан білім алушыларды тегін ыстық тамақпен төмендегі тізім бойынша қамтамасыз етілді. Жалпы мектеп бойынша 20 оқушы ЖБМ ОББ қорынан бөлінген қаражаттан тегін ыстық тамақпен қамтылды.

«Наурыз» мейрамы тұжырымдамасы негізінде мектеп ішілік жоспар құрылып бекітілді. 01.03-14.03 «Көрісу жоралғысы» қойылым. Шежіре күні «Аналар күні» «Әкелер күні», Наурыз бата беру күні ретінде аталып өтілді. «Ардагерлерді ардақтайық» еріктілер тобы қариялардың ауласын тазарту жұмысы ұйымдастырылды.

1-наурыз Алғыс айту күніне орай мектепте мерекелік іс шара ұйымдастырылып өтілді. 8-Наурыз Аналар мерекесіне орай «Ана өмір шуағы» атты тақырыпта ұстаздардың оқушылардың ұйымдасуымен мерекелік концертпен жалғасты. «Ана өмір шуағы» ашық тәрбие сағаты ұйымдастырылып өтілді.

2022-2023 оқу жылдың көктемгі каникул 17 наурыз -27 мамыр аралығында кәмелетке жасы толмағандар арасында құқық бұзушылықтың алдын алудың іс-шара жоспары құрылып бекітілді. Осы жоспарға сәйкес Кәмелетке жасы толмағандар арасында жыныстық тиіспеушілік ерте жүктілік суйцидтің алдын алу жұмыстары үнемі бақылауда болды. Кәмелетке жасы толмағандардың заңды өкілсіз тұрғылықты елді-мекеннен тыс жерге шықпауы бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізіліп отырды. Оқушылардың күндізгі уақытта көпшілік орындарға бармауы бойынша ескерту жұмыстары жүргізілді, сондай ақ кәмелетке жасы толмағандардың өзен көл, көңіл көтеретін, туған күн жасауға және бармауға қатаң тиым салынды. Кәмелетке жасы толмағандар арасында қылмыстың алдын алу мақсатында мектеп әкімшілігі тарапынан түнгі рейдтер үнемі жоспарға сәйкес ұйымдастырылды.

1. XXII – Республикалық Абай оқуларында аудандық кезеңіне қатысып, «Абайдың қара сөздері» номинациясы бойынша Сахнур Елдос III – орын, «Жүйріктен жүйрік озар жарысқанда» номинациясы бойынша Мұрат Таңшолпан III – дәрежелі дипломмен марапатталды.
2. Махамбет оқулары аудандық кезеңінде «Тартынбай сөйлер асылмын» номинациясы бойынша Мұрат Таңшолпан I орынды иеленді.

Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 78 жылдығы мерекесіне арналған «Ұрпаққа үлгі болған ерлік» атты іс-шара жоспары құрылып бекітілді. 4-9 мамыр «Мың тағзым Ұлы жеңіске», тақырыптарында сынып сағаттары өткізілді. «Тағзым саған-Ұлы Жеңіс» тақырыптарында эссе байқауы, «Ерлік даңқы ешқашан өшпейді» кітапханада көрме ұйымдастырылды. «Мәңгілік – алау өшпес даңқ!» онлайн видеоролик әлеуметтік желіге жарияланды.

1 маусым 2023 жыл сағат 11:00 «Сыңғырла соңғы қоңырау» салтанатты жиыны санитарлық талапты ескере отырып өткізілді.

Салтанатты жиын төмендегі жоспар бойынша өтті.

1. Фанфар жүргізушілер шығады /түлектерді алаңға шақыру/
2. Салтанатты жиынды ашық деп жариялау
3. ҚР Мемлекеттік Гимні
4. Директорға сөз
5. Ата-анаға сөз
6. Алғашқы ұстазға сөз
7. 9 сынып жетекшісіне сөз
8. Мектеп бітіруші түлектерге сөз
9. Салтанатты жиынды жабық деп жариялау

Жиын жоспар бойынша өз уақытында өтті. Салтанатты жиын сағат 11:00 – де басталып 12.00 аяқталды. Мектеп әкімшілігінен кезекшілік кестесі құрылып бекітілді. Білім алушыларға мектептен тыс табиғатқа шығуға тыйым салынды. Ата-аналарға, білім алушыларға ескерту жұмыстары жүргізілді. 5 маусым мектеп жанындағы «Балдәурен» жазғы мектеп демалыс лагері өз жұмысын жалғастырды.

Байқаулар қорытындысы бойынша әр жыл барысында проблемалардың бар екендігі айқын:

- оқушыларды түрлі байқауларға дайындауда жеткілікті, жүйелі жұмыстың жоқтығы;
- жақсы оқитын оқушылардың ғана бірнеше байқауларға қатысуы, басқа оқушылардың ескерілмеуі;

Туындаған мәселелерді шешудің жолдары:

- оқу жылына қолжетімді мақсаттар қоя білу;
- оқушыларды түрлі байқауларға, олимпиадаларға басқы сатыдан бастап дайындау, дайындық жұмысына жауапкершілікпен қарау;
- оқушы тапсырмаларын күрделендіріп, бір жүйеге келтіріп, мұқият дайындау,
- оқушыларды ғылыми жұмыстар, жобалар жазуға тарту.

Жұмысымыздың әлсіз жағы:

- Биыл қатысуға тиісті көп байқаулардың ақылы ұйымдастырылып, қатысуға тыйым салынғандығына байланысты қатысу мүмкіндігіміз шектеулі болды.
- Республикалық, Халықаралық көлемдегі тегін олимпиадалар мен ғылыми жұмыстарға қатысу үшін оқушылар деңгейінің жетімсіздігі;
- Оқушыларды байқауларға сапалы дайындау үшін мұғалімдер уақытының жетіспеушілігі.

Келесі оқу жылына қойылған міндет:

- Өткізетін шараларды қабілетті оқушылардың логикалық ойлау қабілеттерін дамытуға бағыттап ұйымдастыру;
- Оқушыларды шығармашылықпен жұмыс жасауға төселдіру;
- Оқушыларды тарихи, ғылыми деректермен жұмыс жасауға баулу.
- Мұғалімдер мен оқушылар жұмысының жандануы үшін мектептегі психолог қызметін жандандыру.
- Білім алушылардың негізгі құзыреттіліктерін дамыта отырып, білім аушыларының функционалдық сауаттылықтарын жетілдіру.
- Педагогтардың кәсіби құзыреттілік деңгейін арттыра отырып, желілік қоғамдастықтарда әдістемелік дайындығын шыңдау үшін жұмыстар жүргізу.
- Әдістемелік бірлестік жұмысын жандандыру.
- Үйірме жұмысы, тәрбиелік іс-шаралар арқылы оқушылардың танымдық қызығушылықтарын дамыту, зияткерлік деңгейін арттыру бойынша жұмыстарды жалғастыру
- Мектеп оқушыларына кәсіби бағдар беру жұмыстарын жандандыру (оқушылардың таңдауы бойынша қолданбалы, элективті курстар, үйірмелер, жобалар).
- Оқушылардың денсаулығын сақтауға және нығайтуға және салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыруға бағытталған мектеп жұмысының жүйесін жетілдіру («Жас Ұлан» ұйымы, «Сенім» орталығы).
- Мектеп сайтының, әлеуметтік желідегі мектеп парақшалары тиісті дейгейде қызмет атқаруын қамтамасыз ету.